

**Джубангалиева Жумабике Сагынбаевна**

**Кожахарова Гүлнарай Оңғарқызы**

*Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп, бастауыш сынып мұғалімдері*

*ҚР, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы*

***Бастауыш сыныптарда күтілетін оқу нәтижелеріне  
қол жеткізу үшін ойын технологияларын қолдану***

Еліміздегі жаңартылған білім мазмұны бойынша жаңа буын оқулықтарының негізінде жасалған бағдарламалар бастауыш мектептің жаңа жүйеге көшуін, әрбір мұғалімнің жаңаша жұмыс істеуін, батыл шығармашалақ ізденісін, оқушылардың белсенділігін мен қызуғышылығын арттыруды талап етеді. Қазіргі таңда оқушыларды сабаққа тарта білу, олардың оқуға қызығушылығын арттырып, білімге құмарту керектігіне баса көңіл бөлу керек. Қызығушылық – сапалы оқудың негізгі жолы, ешбір қызығусыз тек қана зорлық күшімен жүргізілген оқу оқушы бойындағы білім алуға деген құштарлықты жояды. Көбінесе бастауыш сынып оқушылары не нәрсені болса білуге құмар, қызыққыш, қолымен ұстап, көзбен көргенді жақсы көреді. Оқушылардың қызығушылығын арттыру жақсы ұйымдастырылған сабаққа байланысты, сондықтан әр-бір сабақта бұрыннан белгілі мәліметтерді қайталай бермей, оқытуда дидактикалық ойын түрлерін қолдану қажет. Бастауыш мектеп балаға білім беріп қана қоймай, оны жалпы дамыту, және сөйлеу, оқу, қоршаған орта жөнінде дұрыс көзқарас қалыптастыру, жағдайларды объективті түрде бақылап, талдау жасауға үйрету, ойын дұрыс айтуға, салыстыра білуге, дәлелдеуге, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Білім беру мекемелерінің қазіргі жаңа құрылымы мен оқытудың жаңа мазмұны мұғалімдер қауымына жаңаша іскерлік пен жаңа технологияны өндіру міндеттерін шешуді талап етуде. Мұның өзі бастауыш мектепте оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады, белсенділік танып, бағдарламалық материалды қажетті деңгейде меңгеруіне ықпал етеді. Ойын – бұл үлкен жарық әйнек, ол арқылы баланың өміріне қоршаған орта

туралы түсінігі, көзқарасы қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларын оқыту барысында дидактикалық ойындар оқушылардың мақсатқа жету жолындағы мотивтерін қанағаттандырып, оның басқа психикалық қабілеттерін дамуына ықпал етеді. Дидактикалық ойындарды сабақта дұрыс қолдану арқылы оқушылардың оқуға, ізденуге ынтасы дамиды. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алуына, өзін-өзі тәрбиеленуіне, ішкі ынтасы мен талпынысын реттеуге мүмкіндік береді. Мұғалім оқушыға сапалы білім беру дәрежесі сабақты ұйымдастыру жолдарын, оқушылардың ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамыту әдіс-тәсілдерін білуімен тікелей байланысты. Жаңа білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негізгі бағыттары талаптарының бірі – оқытудың сапасын арттыру. Бұл – сабақ формалары мен әдістері, мазмұнын жетілдіру, оны методикалық, танымдық, білімдік, тәрбиелік және сапалы деңгейлі көтеру деген сөз.

Дидактикалық ойынның маңыздылығы мынада:

- ✓ Дидактикалық ойын балаларды ұстамды, тәртіпті болуды қажет етеді.
- ✓ Әрбір дидактикалық ойын оқушының ақыл-ой қызметін жақсартып, ойнай білуге баулып, сөздік қорын молайтады.
- ✓ Дидактикалық ойын оқушылардың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтеді.
- ✓ Балалар тез сергіп, тапсырманы жылдам, дұрыс орындайтын болады.

Дидактикалық ойындарды пайдалану тиімділігі төмендегі шарттар орындалған жағдайда артады:

- ✓ Егер бастауыш сыныптарда қолданылатын ойындар жүйесінде басымдылық дидактикалық ойындарға берілсе:
- ✓ Егер бастауыш сынып мұғалімі балалардың ойын әрекетін ұйымдастыру жолдарын меңгерсе:

Сабақтарда дидактикалық ойындарды өткен материалды пысықтау, қайталау кезінде қолданған пайдалы. Дидактикалық ойындарды сабақ барысында білім беру нәтижесі неғұрлым жоғары дәрежеге жету үшін, сабақ тартымды өту үшін ойын элементтерін пайдаланамыз. Ойын түрлері өте көп.

Соның ішінде бастауыш сыныптарда пайдаланылатын: ойын-сабақ, ойын жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойын есептер, іскерлік ойындар немесе ұлттық ойындар және тағы басқалары. Бұндай ойындар оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі. Дидактикалық ойындар сабақтың әсерлілігін, қызығушылығын, танымдылығын арттырып, оқушының танымдық белсенділігін, ынтасын күшейтеді. Мектеп реформасы талаптарына сай балаларды бастауыш сыныптан бастап оқуда дидактикалық ойындардың мазмұндылығы бұрыннан да арта түсті. Бұл жастағы балалар үшін ойын- оқу, еңбек әрі тәрбие құралы. Сөйтіп, ойын сабақта жаңа мазмұндық сипатқа ие болуда. Ойын балаларды сабақта зерігіп, шаршаған кездерде мақсатына ғана емес, оларға берілген негізгі ұғым, түсініктерді меңгерту мақсатында да жүргізіледі. Ойын арқылы оқушы өздігінен қорытынды жасай білуге машықтанады. Кез - келген ойын түрлерін сабақта ойнатқанда оқушыларда әрекет пайда болады, дүниетанымы кеңейеді. Дидактикалық ойындар оқушылардың қабілетін, танымын, шығармашылық дербестігін дамытады. Оқыту үрдісінде ойындар арқылы оқушылардың белсенділігі, іс-әрекеті артады. Сабақ барысында оқушылардың қызығушылығы, зейіні, тілін дамыту үшін грамматикалық ойындардың орны ерекше. Сабақта тиімді қолданылған ойын оқушылардың грамматиканы толық меңгеріп, сауатты жазу дағдысына мол мүмкіндік береді. Оқушыларды өзбеттерімен жұмыс істеуге дағдыландырады, ізденімпаздыққа баулиды. Грамматикалық ойындардың ерекшеліктері де бар. Бұл ойын әр түрлі жағдаяттар арқылы жүзеге асады. Ойын сабақтың әр бөлігінде, әр мақсатта жекеленіп, дараланып қолданылады. Жаңа тақырыпты түсіндіруде, өткенді қайталауда, пысықтау сабақтарында пайдаланылады. Мұғалім ойындарды қолдану үшін жете дайындық жасап, қажетті жабдықтармен қамтамасыз етеді. Қорыта айтқанда, ойындар қолданған сабақ оқушыларға әсерлі болып, олардың білуге деген құмарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді.